

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті



“Қызметкерлердің типтері және мінез
акцентуациясы”

Жоспар:

- Кіріспе
- Негізгі бөлім:
 - ✓ Э.Фромның әлеуметтік мінездің жіктелуі;
 - ✓ К.Леонгард бойынша мінез акцентуациясы;
- Қорытынды;
- Пайдаланылған әдебиеттер.



Мінез-құлық формалары және оның жүйелілігі

Әрбір адам жеке тұлға болғандақтан оның мінез-құлқы өзіне тән ерекшеліктермен сипатталады. *Мінез* деген психологиялық қасиеттің төркіні *характер* деген грек сөзінен шыққан. Оның негізгі мағнасы *із қалдыру* деген мағынаны білдіреді. Сондықтан мінез дегеніміз әрбір адамның жеке басына тән даралық ерекшілік екенін ғылым тарихында алғаш рет сипаттап жазған ғалым - ертедегі грек философы Теофраст. Бірақ ол мінезді адамның адамгершілік сапасына тән қасиет деп көрсеткен.



Мінез-құлық формалары және оның жүйелілігі

Мінез ерекшеліктерін зерттеушілердің пікірлерін ең бірінші болып француз ғалымы Л.Бен жүйеге келтірген. Ол мінезді психологиялық ерекшелік, дара тұлғаның ақыл-ойы мен сезімінің және ерік ерекшелігінің көрсеткіштері деп санады. Т.Рибо мінезді сезіммен ерік ерекшелігі десе, ал орыс медигі әрі психолог П.Ф.Лесгафт, ерік қасиеті деп көрсеткен. И.Кант мінезді темпераментпен салыстыра отырып, оны адамда жүре пайда болатын қасиет деп, туа біте пайда болатын қасиеттер мен әр адамның өз өмірінде жүре пайда болатын қасиеттерді бөліп көрсетті.

Темперамент - адамда туа пайда болатын генотипті организм қасиеті. Темперамент адамның жүйке жүйесінің типтері арқылы анықталады. Өйткені, жүйке жүйесі типтерінің сыр-сипаты темперамент типтерімен бірдей. Мұның екеуі де дара адамның бойындағы өзгешеліктерін сипаттайды. Жүйке жүйесінің типі шыдамсыз болса - холерик, сергек болса - сангвиник, тыныш болса - флегматик, әлсіз болса - меланхолик болады. Сондықтанда, адамның мінез-құлқы оның темперамент типіне байланысты болуы әбден мүмкін - деп атап көрсетеді.



Мінез құлыққа әер ететін факторлар

- жеке адамның мотивациялық диспозициясы (қажеттілік, мотив, дағды, бағыттылық)

Жекелік
фактор



- сыртқы, яғни, адамның айналасындағы жағдайлар (басқа адамның мінез-құлқы, бағасы, қатынасы, физикалық жағдайлары және т.с.с)

Ситуациялы
фактор



Адам мінез-құлқының себептері американ психологтары Эдвард, Лиси, Ричард және Руян "өзіндік детерминация және ішкі мотивация" теорияларымен түсіндіреді. Ол бойынша, мотивацияның екі типі және оған сай мінез-құлықтың да екі типі бар:

1. Сыртқы мотивация және оған сай мотиві бар немесе себебі бар мінез құлық.
2. Ішкі мотивация және оған сай мотиві бар немесе себебі бар мінез-құлық. Бихевиористік теорияларда мінез-құлық детерминациясындағы негізгі акцент белгілі-бір мінез-құлықтың орындаудан кейінгі пайда болатын жағымды немесе жағымсыз жағдайларға негізделеді.

Л.С.Выготскийдің мінез құлық формасы мен функциясының жіктелу схемасы



Э.Фромнның әлеуметтік мінездің жіктелуі

Фромм Эрих (1900-1980) – неміс американдық философ; психолог, социолог, неофрейдизм негізін салушы, гуманист-ғалым, әлеуметтік прогресті жақтаушы. Адамның этикалық мінез құлықтарының бастауын адамның өзінен іздеген гуманистік этиктердің еңбектеріне сүйене отырып, Фромм моральдық ұстанымдар адамның ішкі қасиеттеріне негізделген болуы керек, әйтпесе оларды бұзу тұлғаның психикалық және эмоциялық құлдырауына әкеледі деген тұжырым жасайды.



Э.Фромм әлеуметтік мінез типологиясы:

- Мазохист-садист. Бұл типті адамдар өмірде болып жатқан сәтсіздіктер мен жағдайларды өзінен іздемейді, ол сәтсіздікердің бәріне адамдарға ғана кінәлі деп есептейді. Егер ондай адамдар табылмаса, онда агрессияны өзіне арнайды. Бұларда садисттік тенденциялар да байқалады. Олар басқаларды өздеріне бағындыруды, оlaraға әртүрлі жарақат жасау, олардың қиналғанын көріп рахаттану сезіміне келеді.
- Бұзушы. Фрустрация туғызған объектіні толық жоюға, көзге көрініп тұратын агрессияшылдығымен сипатталады. Өздерінің проблемаларын шеше алмайтын, тығырыққа тірелген, қорқыныш сезімі үнемі болатын, өзінің интеллектуалды және эмоционалды жағдайларын толық сыртқа шығара алмайтын адамдар.
- Конформист-автомат. Бұндай индивид әлеуметтік немесе жеке бас мәселесінде болатын проблемаларды шеше алмайтын болса, онда ол өзін-өзі түсінуден қалады. Ондай адамдар қоғамдық ортада болатын өзгерістерге тез бейімделіп, сол ортаның талап тілектерін орындайтын болады.

К.Леонгард бойынша мінез

акцентуациясы



Неміс психиаторы К. Леонгард қалыпты адамның мінез-құлқының айырықша белгісін “мінездің екпіндеуі” деген терминмен белгілеген. К. Леонгард мінездің кейбір өмірге қиындық туғызатын сипаттарын ғана көрсетті. К. Леонгард еңбегін Санкт – Петербург зерттеушісі Личко толықтырды. Ол акцентуацияның 12 түрін көрсетті. Көбінесе К. Леонгард классификациясын мінезі әлі қалыптаспаған жеткіншектермен жұмыс жасағанда қолданады



К. Леонгард жүйесі

- ❖ Гипертимді тип. Ондай адамдар қарым-қатынасқа тез түседі, сөзшең, мәнерлі. Мұндай адамдар сөйлеу барысында алғашқы тақырыптан жиі ауытқиды. Бұл типті адамдар қақтығыстарды өздері жасайды, бірақ басқа адамдар ескертпе жасайтын болса, оған қапаланады. Жағымды жақтары: адамдармен қарым-қатынас жасау барысында, әрекет жасауға деген ұмтылыс, оптимизм, белсенділік. Жағымсыз жақтары: өмірге жеңіл қарау, жағымсыз әрекеттер жасауға бейімділік, жоғарғы қозушылық, өзінің міндеттеріне жеңіл қарау.
- ❖ Дистимді тип. Мұндай адамдар қарым – қатынасы төмен, көп сөйлемейтін, көңіл – күйі пессимизмге толы. Олар көбінесе үй адамдары, шулы ортадан аулақ болады, шуды көтере алмайды, басқа адамдармен қақтығыстарға аз түседі, тұйықталған, шектелген өмір жағдайында болады. Олар өздерімен қарым – қатынасқа түскен, дос адамдарды өте қатты сыйлайды, оларға бағынады. Жағымды жақтары: шыншыл, тиянақты, адал. Жағымсыз жақтары: пассивтілік, ойлаудың ақырын болуы, жекелік, қимыл-қозғалысы баяу.
- ❖ Циклоидты тип. Көңіл-күйі лезде өзгереді, сондықтан оның адамдармен қарым-қатынасы да осыған байланысты өзгеріп отырады. Көңіл-күйі жоғары болған кезде ол басқа адамдармен тез қарым-қатынасқа түсетін болады, ал егер көңіл-күйі төмен болатын болса, онда адамдармен қарым-қатынасқа түспей, тұйықталып қалады.

- ❖ Қызба тип. Бұл типті адамдардың басқа типті адамдармен қарымқатынасы өте төмен, вербалды және вербалды емес реакциялары баяу. Қарым-қатынас кезінде қақтығыстарға, ұрсысу, жаман сөздер айтуға қыңыр болады. Эмоционалды көңіл-күйі жақсы жағдайда олар өте адал, шыншыл, жануарларды, кішкентай балаларды жақсы көретін ұқыпты адамдар.
- ❖ Тежелуші тип. Қарым-қатынас шектеулігімен, қыңырлығымен, көп сөйлемейтіндігімен сипатталады. Кек сақтағыш осыдан барып жабысқақ ойлар пайда болуы мүмкін.
- ❖ Педантты тип. Бұл типті адамдар қақтығыстарға сирек түседі, түскен жағдайда қақтығыстарда пассивті рөл атқарады. Жұмыста ол өзін бюрократ ретінде көрсетеді. Әріптестеріне шектен тыс талаптар қояды. Сонымен қоса, басшылықты басқа адамға да ұсына алады. Жағымды жақтары: шыншылдық. Істегі беріктілік, жауапкершілік, ұқыптылық. Жағымсыз жақтары: формализм, көп сөйлегіштік, мылжыңдық.
- ❖ Қобалжушы тип. Көңіл-күйі минорлы, өзіне-өзінің сенімі аз, қарым-қатынас төмендігі, ұялшақтығымен сипатталады. Жағымды жақтары: достықты жақсы көретін, өзіне-өзінің сын көзбен қарауы жоғары, тиянақтылығымен сипатталады. Жағымсыз жақтары: өзі өзіне сенімсіз, өзінің қабілеттілігін бағаламайды, ұялшақ. Жауапкершілікті талап ететін істен қорқады.

- ❖ Эмотивті тип. Бұл типті адамдардың қарым-қатынас шеңбері өте тар.Реніштерін ішінде сақтайды, сыртқа шығамайды. Көңіл-күйі лезде себепсіз өзгеріп отырады. Айналасындағылармен жақсы қарымқатынаста болуға бейім.Мейірімді, біреудің қайғысына ортақтаса алады, парыз, қарыз сезімдері шамадан тыс көп болады, бастаған істі аяғына дейін жеткізеді.Сезімтал, жылауық болады.
- ❖ Демонстративті тип. Қарым-қатынасқа тез түсушілігімен, басшылыққа ұмтылумен сипатталады, басқалардың өзін үнемі мақтауымен сипатталады. Эгоцентризмді ерекше бағалайды.Жағымды жақтары: басқаларды ұйымдастыра алушылық, өздерінің идеяларына басқаларды сендіре алушылық. Жағымсыз жақтары: өзімшілдік, жұмыстан қашу, жалқаулық, мақтаншақтық, жағымпаздық.
- ❖ Экзальтивті тип. Қарым-қатынас жоғарылығымен, сөзшеңдігімен, махаббатқа тұрақсыздығымен сипатталады. Бұл типті адамдар жиі пікір таластырады, бірақ ашық қақтығыс жағдайына әкелмейді. Өздерінің жақын туыс, достарына адал, өте сезімтал. Басқалардың қайғысына ортақтасатын, талғамдары жоғары, сезімдері терең, адал, тұрақты. Көңіл-күйі тез өзгеріске ұшырайды, байбаламға түсушілік.

❖ Экстравертті тип. Бұл адамдардың қарым-қатынас аймағы өте кең, достары өте көп, сөзшеңдігі мылжыңдыққа ұласатын, кез келген информацияны қабылдауға даяр, қақтығысқа сирек түсетін, түскен күнде пассив рөл атқарушы адамдар. Достарымен қарым-қатынаста, жұмыс бабында, жанұяда басшылықты басқаларға ұсынады. Оларға бағынады, солардың көлеңкесінде, қалтарыста қаоғанды ұнатады. Басқалардың айтқанын шыдамдылықпен аяғына дейін тыңдай алады, бастаған істі аяқтайды, өзінен сұраған барлық істі тиянақтылықпен атқарады. Басқалардың ықпалына тез түседі, жеңілтек, қйын-сауыққа құмар, өсек, әртүрлі сөздер таратуға құмар.

❖ Интравертті тип. Жоғарғы типке қарама-қарсы тип. Қарымқатынас аймағының тарлығы, шындық, өмірден бөліну, тұйықтық, пәлсапалыққа құмарлық. Бұндай адамдар жалғыз болғанды ұнатады. Егер өзінің жеке өміріне қол сұғатын болса, қақтығысқа түседі. Басқа адамдарға байланыс қатынасы әлсіз, эмоционалды суық идеалистер. Жағымды жақтары: принципшілдік, айтқанынан қайтпау, тұрақтылық, сөзіне беріктілік. Жағымсыз жақтары: ойдың регидтілігі, өзінің айтқанын шамадан тыс жақтау, шамадан тыс беткейлік. Мұндай адамдар барлық жағдайда өздерінің көзқарасын білдіреді. Көзқарастары кей жағдайда дұрыс болмаса да айтқандарынан қайтпайды.

Қорытынды:

Жалпы осы тақырыпты қорытындылай келе, мінез — әрбір адамның жеке басына тән өзіндік психологиялық қасиеттер мен ерекшеліктердің жиынтығы. Әрбір жеке адамды толығымен мінездің бір түріне жатқызуға болмайтыны түсінікті. Мынадай құқықтық сұрақ туады: табиғатта «қалыпты мінезі» бар адам өмір сүре ме? Қандай да мінезді сипаттағанда психологтар психикалық тепе-теңдікті араластыра отырып, қандай да бір айқын аспектіге топталады. Айталық, шын мәнінде сезімдері, ойлары және әрекеттері толық тепе-теңдікте болатын адамдар кездесе ме, онда бұл әр түрлі мінездің, индивидуалды түстің жойылуы емес пе? — деп Рибо жазды.

Пайдаланған әдебиеттер:

- Жалпы психология оқулығы. Алматы: Дәнекер, 2012.-289
- Жарықбаев Қ.Жантану оқулығы. Алматы: Эверо, 2010.-546 бет.
- Столяренко Л.Д. Основы психологии. Лидер: Феникс, 2013.-150 бет
- Көбекова Ж.С. Психология негіздері.-Қарағанды:ЖК Ақ Нұр,2010.-189 бет